




Зарубай СҮЙІНДІКҰЛЫ,
Шет аудандық археологиялық-этнографиялық
музейінің директоры

ШЕТ ӨҢІРІНДЕГІ ШЕРТПЕ КҮЙ



Күй әлемінің ел ішіне кең тараған екі түрі бар. Олар - төкпе күй және шертпе күй. Төкпе күйдің байынан көпшілікте елдің ерлігі, екпіні, талабы, қайсарлығы байқалса, шертпе күй - шеберліктің, шешендіктің, әсемдіктің үлгісі тәрізді. Күй туралы әңгіме болғанда оның пайда болу кезеңін тап басып айту мүмкін емес. Бірақ әр күйдің шығу тарихы болады да күй тартылар алдында ол әсем тілмен баяндалып отыратын болған.



Самат Мұсабеков (1924-1981)
- Ақшатау болыстығында дүниеге келген. Көзінің тірісінде шығармалары жеке жинақ болып шықпаса да ұжымдық жинақтарға енген. Шертпе күйдің шебері, айтыскер ақын, әуесқой композитор. Қыздарбек, Сембек, Әбди күйшілердің шығармаларын орындаушы. «Еңбек күйі» (1972 ж.), «Қайран әкем» атты күйлері күйтабаққа жазылған. Оның «Қарабұлақ», «Мен қазақпын» әндері жұртшылыққа танымал.

Сонымен қатар «Есей-Дос» атты дастан жазып қалдырған. Есей мен Дос Қаракесектің Керней және Әлтеке бұтақтарының батырлары. Бұл екі бабамыздан тараған ұрпақтан атқа шыққандары - Көкбөрі Жарылғаппен Жидебай батырлар. Екеуі де Батыр Баянның тұстастары. Жас айырмалары -- он немесе жырмы жыл болуы мүмкін. Самат Мұсабеков Есей мен Дос туралы дастанында Батыр Баянның жерленген жеріне,

несше сарбаз қоса шейіт болғанына дейін жырына арқау етеді. Осы дастанның желісімен батырлардың жатқан жерін тапқан. Осы 2016 жылдың 30 шілдесі күні, Балқаштың теріскейіндегі Қарабұлақ елді мекенінің Сары-Баян жотасында опат болған қазақ халқының сардар батыры Баян Қасболатұлы мен осы жорықта қаза болған сарбаздары кесенесінің ашылу салтанаты өтіп, бабалар рухына тағзым жасалды. Ел көлемінде өткен осы шараға шетелдік қонақтар да қатысты.